

Аршалы ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 40/11 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 сәуірде № 4774 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 3/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 15.04.2016 № 3/2 (қол қойылған күнінен бастап өз күшіне енеді) шешімімен РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Аршалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аршалы ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесі он есе жоғарылатылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы*

*Аудандық мәслихатының
хатшысы*

И.Слободянюк

Ю.Сериков

КЕЛІСІЛДІ

Аршалы ауданының әкімі

Ж.Нұркенов

2015 жылғы 27 наурыз